

Хаттама № 1

«С.Бекбосынов атындағы орта мектебі» КММ-де 2018 жылдың 23 ақпанында Қорғаншылық кеңестің жиналысы өтті.

Қатысты: 9 адам (Қорғаншылық кеңестің мүшелері).

Күн тәртібі:

1. Қорғаншылық кеңестің жұмыс тәртібі туралы – кеңес төрағасы Мұсағалиев Әділғазы Төлеуғазыұлы
2. Мектепшілік Қорғаншылық кеңестің құрамы, жұмыс мазмұны – кеңес хатшысы Айдарханова Алтынай Сайлауғазыұлы

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Мұсағалиев Ә.Т.:** «Қорғаншылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың және білім беру ұйымдарында оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген арнайы құжатына сәйкес білім беру ұйымдарында арнайы қорғаншылық кеңес жұмыс жасайды. Қамқоршылық кеңес аталған білім беру ұйымының құрылтайшысы және білім алушылардың ата-аналарының бастамасы бойынша жалпы жиналыста құрылуы мүмкін. Қамқоршылық кеңестің құрамына:

- 1) басқа да білім беру ұйымдарының, басқару органдарының өкілдері;
- 2) жұмыс берушілер мен әлеуметтік серіктестер;
- 3) қоғамдық ұйымдардың, қорлардың, қауымдастықтардың өкілдері;
- 4) демеушілер кіруі мүмкін.

Қамқоршылық кеңес жұмысының мақсаттары:

- 1) білім беру ұйымына оның жарғылық қызметтерін жүзеге асыруға ықпал ету;
- 2) білім беретін оқу бағдарламаларын ойдағыдай іске асыру мақсатында білім беру ұйымының оқушылары мен педагогикалық ұжымы үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 3) білім беру ұйымына қаржылық қолдауды, материалдық-техникалық базасын күшейтуді қамтамасыз ету;
- 4) білім беру ұйымының әрі қарай дамуына ықпал ету;
- 5) білім беру ұйымы жұмысының, оның ішінде қаржы қаражаттарын бөлу жұмыстары үшін қоғамдық бақылауды жүзеге асыру.

Қамқоршылық кеңес жұмысының негізгі бағыттары:

- 1) білім беру ұйымына әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге көмек көрсету;
- 2) тәрбие мен оқыту саласында халықаралық ынтымақтастықты орнату мен дамытуға ықпал ету;
- 3) халықтың әлеуметтік осал жіктерінен шыққан білім алушылардың білім алуына, тұрмыс жағдайларын жақсартуына және еңбекпен қамтылуына ықпал ету;
- 4) білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстар енгізу болып табылады;
- 5) білім беру ұйымының Қамқоршылық кеңесінің алдында есебін тыңдау болып табылады.» - деп атап көрсетті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес хатшысы Айдарханова А.С.: «Мектеп директорының 12.01.2018 жылғы №2 бұйрығы бойынша төмендегі адамдардан Қорғаншылық Кеңес құрамы тағайындалған: 1. Мұсағалиев А.Т. 2. Айдарханова А.С. 3. Шаянбаева М. 4. Қонысбаева Г.К. 5. Адилханов Ж.Б. 6. Мұсағалиев С.Т. 7. Қумисханов С.К. 8. Турбаев Б. 9. Калиев З.»

Жиналыс қаулы етеді:

1. Мектеп бойынша құрылған Қорғаншылық кеңестің арнайы жұмыс жоспары жасалынып, сол жоспар аясында тиісті шаралар атқарылсын;
2. Мектеп бойынша құрылған Қорғаншылық кеңестің жылына екі рет жиналысы өткізіліп, тиісті атқарылған жұмыстардың нақты есептері алынсын.

Қорғаншылық кеңестің төрағасы: *Мұсағалиев* Мұсағалиев Ө.Т.

Хатшысы: *Айдарханова* Айдарханова А.С.

